

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Оқу-әдістемелік кешен

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу-әдістемелік кешені

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҮЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ ЗАҢ

ФАКУЛЬТЕТИ

КЕДЕН, ҚАРЖЫ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ КАФЕДРАСЫ

" Жер-мұлтқын қатынастарды мемлекеттік реттеу "
бойынша семинарлық сабактарды және студенттердің өзіндік жұмыстарын
жүргізуға арналған
ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР

«6B07303, Жерге орналастыру» білім беру бағдарламасы

АЛМАТАЙ 2024 ж.

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Оқу-әдістемелік кешен

Әдістемелік нұсқаулар оқытушы Халықаралық құқық магистрі А.Н. Абдрахмановпен дайындалған.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультетінің Ғылыми кеңесімен ұсынылған және бекітілген.

У.А. Ахатов

Хаттама №21 «25» маусым 2024 ж.

1. Жалпы ережелер

«6B07303- Жерге орналастыру» мамандығы бойынша оқып жатқан студенттердің оқу нысанының бір түрі болып семинарлық сабактар танылады. Ұсынылып жатқан жалпы ережелер тек қана ұсынушылық сипатқа ие.

Тәжірибелік сабактар оқу үдерісінің қажетті элементі болып табылады. Тәжірибелік сабактардың мақсаты – дәрістен алған білімді тереңдету, ұлғайту, кәсіби маңызды білім мен машықты қалыптастыру. Тәжірибелік сабактар студенттерге заны терминологияны менгеруге, сөйлеу мәдениетін және кәсіби ойлау қабілетін дамытуға көмектесіп, оралымды екі жақты байланыстың құралы болып табылады.

Студенттер тәжірибелік сабактарда нақты жағдайларға құқықтық нормаларды қолдану, нормативтік құжеттарды түсіндіру, көптеген құқықтық актілердің ішінен тиісті нормаларды таңдап алу машығына, өзінің даралығын, ойлау дербестігін, өз пікірін аяғына дейін ұстану қабілетіне ие болады.

Тәжірибелік сабактардың құрылымы келесі элементтерді қамтиды: ұйымдастырушылық кезең (оқытушы студенттермен сәлемдесіп, журналда сабакқа келмеген студенттерді белгілейді, студенттердің сабакқа дайындығын анықтап, сабактың тақырыбы мен жоспарын жариялады); матириал бойынша студенттердің сұраққа жауабын тыңдайды; негізгі бөлім (теориялық сұрақтарды талдау және есептерді шығару); сабакты қорытындылау (оқытушы бүкіл топтың жұмысын бағалап, бағаларды жарияладап, түсінедіреді, нақты студенттердің жауаптарындағы жетістіктер мен жіберілген кемшіліктерді көрсетіп, келесі сабакқа тапсырма береді). Тәжірибелік сабактардың негізгі бөлімі теориялық сұрақтарды есептерді шешумен оралымды үйлестіруге арналуы керек, уақыттың елеулі бөлігі есептерді шешуге жіберіліп, 50 минуттық сабак барысында теориялық сұрақтарды талдауға 10-15 минут уақыттың жұмсалуы ұсынылады. Теориялық сұрақтарды талдау әртүрлі: студенттердің баяндамалары, есептерді шешу, теориялық семинар жүргізілуі мүмкін.

Оқытушы студенттерге баяндаманың қандай талаптарға сәйкес келуі қажет екендігін түсіндіруі қажет. Баяндаманың тақырыбын белгіліген соң, жұмыста пайдаланылған авторларды атап, баяндаманың жоспарын және баяндама бойынша тиісті сұрақтарды қайнар көздерге сілтеме, аворлардың пікірін келтіре отырып, мүмкіндігінше өз пікірін білдіре отырып жан- жақты түрде баяндау қажет.

Есептерді шешу, қойылған сұрақтарға толық жауап беру түрінде жазбаша нысанда студенттердің дәптерлерінде болуы қажет. Есепте берілген әрбір оқиға, жағдай олармен байланысты сұрақтарды заны бағалауды талап етеді. Әр сұраққа заң нормаларына сілтеме жасай отырып, нақты жауап берілуі (иә, жок) керек. Студент тиісті норманы қалай қолданғанын, сәйкес жағдайларда ҚР Жоғарғы сотының нормативтік қауулыларына (өзге құқықтық актілер), ғылыми түсіндірулерге сілтеме жасай отырып көрсетуі қажет. Осы әдіснаманы менгерген студент кәсіби міндеттерді тиімді шешуге байланысты тәжірибелік машыққа ие болады.

Семинар (лат. seminarium – рассадник, көшет) – жетекшінің тапсырмасы бойынша жекелеген сұрақтар, проблемаларды баяндама немесе бірігіп талқылау түрінде студенттердің өз бетінше зерделеуіне негізделген, оқу үдерісінің нысаны. Тәжірибелік сабактарға қарағанда семинар теориялық сипатқа ие және белгілі бір пәнде терең бағытталған. Семинар сабактары оқушыларды оқу-танымдық қызмет барысында дербестік танытуға бағыттай отырып, білімді нығайтуға көмектеседі. Семинар барысында қайнар көздермен, қосымша әдебиеттермен, құжаттармен жұмыс нәтижесінде алынған білім жүйеленеді, тереңдетіледі, қадағаланады. Семинар сабактарының басты мақсаты – студенттерді зерттелінетін салалардың ерекшелігіне қарай, теориялық білімді пайдалану дағылары мен машықтарына ие болу мүмкіндігімен қамтамасыз ету.

Негізгі мақсаттық бағытына байланысты семинардың үш типін ажыратамыз:

1) белгілі бір оқу курсын терең зерттеуге арналған, осы курстың материалымен тақырыптық байланысты семинар;

2) әдіснамалық тұрғыдан маңызды курстың немесе белгілі

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Оқу-әдістемелік кешен

бір тақырыпты негізді түрде дайындауға арналған семинар;

3) арнайы семинарға ұласуы мүмкін, жекелеген өзекті мәселелерді ғылыми өңдеуге арналған зерттеу типіндегі семинар.

Арнайы семинар белгілі ғалымның жетекшілігімен белгілі бір проблемага байланысты жас зерттеушілердің қарым-қатынасының мектебін білдіреді. Тәжірибелі жетекші ғылыми шығармашылықтың ая-райын қалыптастырып, студенттерді ұжымдық ойлау қызметіне бағдарлап, зерттеу жұмысының тиімді әдістерін пайдаланады. Қорытынды сабакта оқытушы студенттік ғылыми жұмыстарға толыққанды шолу жасап, қорытындылайды, қарастырылған проблемалардың ары қаратса зерттелу мүмкіндіктерін аша отырып, қызығушылық білдірген студенттердің осы проблемаларды зерттеуге қатысу мүмкіндіктерін түсіндіреді.

Семинар сабактары дәріс сабактарымен тығыз байланысты, дегенмен де семинардың оқу материалы дәріс материалын қайталамайды. Оқытушының жетекшілік рөлі оқу жұмысын тиянақты жоспарлаудан, маңызды сұрақтарды семинарда талдауға бөліп шығарудан, дербес дайындалу үшін әдебиеттерді таңдаудан, талқылау үдерісіне басшылық жасаудан көрінеді.

Жүргізу әдісіне байланысты семинар келесі түрлерге бөлінеді.

Семинар-сұхбат семинар жоспарындағы барлық сұрақтар бойынша бүкіл студенттердің сабакқа дайындалуын білдіріп, тақырыпты белсенді талқылауға студенттердің елеулі бөлігінің тартылуын білдіреді. Оқытушының қысқаша баяндамасынан кейін, жоспардағы нақты сұрақтар бойынша бірнеше студенттердің жанжақты мәлімдемелері тыңдалып, басқа студенттердің жауаптарымен толықтырылады, соңынан оқытушы қорытындылайды.

Семинар-дискуссия, немесе семинар-диспут қандай да болмасын проблеманы ұжымдық талқылау және шешу үшін семинарға қатысушылардың диалогтың сөйлесу мүмкіндігін білдіреді. Талқылау үшін оқытушылардың пәннің ең өзекті мәселелері таңдалынады. Дискуссияға қатысушылар өз ойларын нақты құруға, өз пікірлерін ұстап тұруға, сын пікірлерге дәлелді түрде қарсы тұруға үйренеді. Семинар сабактарының ең тиімді нысаны қатысушылардың сәйкес орналасуы қағидасындағы «дөңгелек үстел». Осылан байланысты диалог арқылы дискуссия тақырыбын бірігіп өрбіту үшін, студенттердің қарым-қатынас, өзара әрекет мәдениетіне үйрету қажет.

Семинардың аралас нысаны баяндамаларды талқылау, қатысушылардың еркін сөйлеуі, жоспарланған дискуссиялар түрінде өтеді.

Студенттердің семинарға дайындалуына педагогикалық жетекшілік ету оқытушының баяндамалардың жоспарын құруға көмектесуінен, әдеби қайнар көздердің конспектілеуге үйретуден, рефераттар мен баяндамалардың мәтінін дұрыс рәсімдеуге, өзіндік жұмыс барысында туындаған сұрақтарға байланысты кеңес беруден көрінеді.

2. Студенттердің өзіндік жұмысы

Жұмыс түрлері. Олардың жалпы сипаттамасы. Жазуға қойылатын талаптар

1. Өзіндік жұмыстың жазудың мақсаттары

Өзіндік жұмыс – оқытушының тапсырмасы бойынша және әдістемелік жетекшілігімен студенттердің танымдық қабілеттерін дамыту және өзіндік үздіксіз білім көтеруге бағытталған студенттердің жоспарланған жұмысы.

Оқу және ғылыми материалдың күрт өсүіне байланысты, пәнді оқуға арналған аудиториялық сағаттардың жетіспеушілігі барысында оқу үдерісі шенберінде СӨЖ маңызды рөл атқарады. Жоғары оқу орнының кез келген бітірушісі студенттердің өзіндік жұмысы барысында қалыптасатын іргелі білімге, кәсіби қызметтің дағды, машықтарына, шығармашылық және зерттеу қызметінің тәжірибесіне, әлеуметтік және коммуникативті хұзыреттерге ие болуы қажет.

СӨЖ-дің дидактикалық міндеттері: аудиториялық сабак барысында алған білімді бекіту, тереңдептесу, ұлғайту, жүйелеу; жаңа оқу материалын дербес түрде меңгеру; кәсіби

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Оқу-әдістемелік кешен

машықты сондай-ақ дербес ойлау қызметінің дағдысын дамыту; дербес ойлау қабілетін, заны әдебиетке, тәжірибелік заны қызметке, құқық шығармашылық үдерісіне қызығушылықты жетілдіру.

СӨЖ-дің негізгі нысандары: үй жұмысы; жекелеген тақырыптар бойынша рефераттар дайындау; ғылыми студенттік үйірмелердің және ғылыми конференциялардың жұмысына қатысады білдіретін, студенттердің оқу-зерттеу және ғылыми-зерттеу жұмыстары (студенттердің оқу-зерттеу жұмыстары - СОЗЖ және студенттердің және ғылыми-зерттеу жұмыстары - СҒЗЖ); аудиториядан тыс уақытта іскерлік ойындар үйімдастыру және өткізу.

Үй жұмысы тәжірибелік және семинар сабактарына өз бетінше дайындалудан, оқу үдерісінің бір бөлігі болып табылатын кез келген дербес оқу қызметі түрінде көрінеді. Негізгі қызметі – өз бетінше оқу машиғын дамыту, жұмыстың әдістері мен құралдарын анықтау, оқуды жоспарлау болып табылады. Үй жұмысы аудиториялық сабактарда алынған білім мен машықтарды бекітуге, дағдыны қалыптастыруға, жаңа материалды менгеруге барынша көмектеседі.

Өзіндік жұмыстарды табысты орындауды қамтамасыз ететін дидактикалық шарттар: тапсырмаларды орындауға қатысты міндеттер мен ұсыныстардың нақты берілуі; оқу тапсырмасының негізделуі (не үшін, неге көмектеседі); үй тапсырмаларының тиімді көлемі; оқытушы арқылы есептің нысаны, тапсыру мерзімдері; кеңес беру түрлерін анықтау; бағалау критерилері оценки, бақылаудың түрлері және нысандары.

Студенттердің өзіндік оқу жұмыстарының мазмұнын құрайды: оқытушымен ұсынылған әдебиеттерді оқу және конспектілеу; курсың нақты тараулары, бөлімдері бойынша тәжірибелік сабактарда талқылаумен ұштастыра отырып есептер шешу; семинарда немесе ғылыми студенттік үйірменің отырысында талқылай отырып, сот істеріне шолу жасау; оқытушының тапсырмасы бойынша сот мәжілістеріне қатысу, әртүрлі үйімдардың заң бөлімдеріне, нотариалдық кенселердің жұмыстарымен танысу; үй тапсырмас түрінде заң жобаларына пікірлер дайындау; тәжірибелік сабактармен ұштастыра отырып, зерттелінетін тақырып аясында құқықтық құжаттардың жобасын дайындау.

Рефераттарды дайындау – СӨЖ үйімдастыру және бақылаудың бір нысаны. Реферат (лат. referre – баяндау, хабарлау) – бұл ұтымды бағалау арқылы қайнар көздің мазмұнын қысқаша баяндау немесе бірнеше қайнар көздерді салыстыру және талдау негізінде қандай да болmasын проблеманың жай-құйін ашу. Оқу үдерісіндегі мазмұны және қызметіне байланысты рефераттар ғылыми-проблемалық және шолу-ақпараттық болып бөлінеді.

Рефератты жазу мақсаты – студенттерде әдеби және нормативтік қайнар көздермен дербес жұмыс істеу машыты жазу мақсаты – студенттерде әдеби және нормативтік қайнар көздермен, жарияланған сот- тергеу тәжірибесімен дербес жұмыс істеу машығын жетілдіру. Студенттер оларды талдау және жалпылау негізінде өзіндік негіздеу арқылы теориялық және тәжірибелік сипаттағы қорытындылар жасай алады. Рефераттардың тақырыптары, ұсынылатын әдебиеттер тізімі оқытушы арқылы анықталады. Қандай да болmasын кітаптың немесе мақаланың мазмұнын қысқаша баяндаумен байланысты рефераттар сәйкес тақырып бойынша дипломдық жұмысты дайындаудың алғашқы кезеңі болап қарастырылуы мүмкін. Реферат көлемі машиналық мәтіннің 15-20 беттік түрі ретінде бола алады. Рефераттың әдеттегі құрылымы: жоспар; тақырыптың негізделуі және міндеттері көрсетілген кіріспе; бірнеше параграфтан түратын негізгі бөлім; тақырып бойынша жасалған түйіндер қарастырылған қорытынды; библиографиялық тізім.

2. Жұмысқа қойылатын жалпы талаптар

Студенттер өзіндік жұмыстың тақырыбын таңдауда келесідей ережелер ескерілуі тиіс:

- жұмыс нақты студенттің қабілетіне, мұддесіне, еркіне жауап беруі тиіс,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Оқу-әдістемелік кешен

- жұмыс юриспруденция мамандығына пайдалы болуы керек (нақтырақ айтқанда тақырып ғылымның қазіргі жағдайын ескере отырып, мақала ретінде шығару үшін жарауы тиіс). Айтылғандар ғылымның алдыға қарай жылжыуна байланысты студенттердің талаптарына жауап бере алатында қайталаңбауы қажет. Одан кейінгі тағы бір мүмкіндік көшіруге жол бермеу мақсатында өзіндік жұмыстардың нақты тақырыптары берлімейді.

3. Өзіндік жұмыстардың негізгі бағыттары

Рефераттар (баяндамалар)

Негізгі оқу курсы бойынша сындарлы шолу (салыстырмалы талдау) жасалынатын және уақыттың тарлығына байланысты негізгі бағдарламамен қамтылмай қалған пәннің проблемаларына байланысты тақырыптар беріледі. Нақтырақ айтқанда, негізгі курсқа байланысты оларды үш топқа бөлуге болады: а) негізгі курста қысқаша қамтылған тақырыпты тереңірек ашу мақсатында; б) міндетті курста мүлдем қамтылмаған тақырыптар; в) студенттердің өзіндік жұмысына қатысты емес міндетті курста қарастырылатын тақырыптар.

Өзіндік жұмысты рәсімдеуге қойылатын талаптар

Жұмыс компьютерде терілуі қажет. Мәтінде курсы, пәні, автордың ТЕӘ, жұмыстың атауы көрсетілуі тиіс. Егер жұмыс аударма болса сол материалдың библиографиялық нақты мәліметтері берілуі қажет. Сонымен қатар аудармаға кәсіби терминдердің сөздігі қоса берілуі тиіс. Егер де жұмыс аударма болмаса оның мазмұны беріледі. Жұмыстың соңғы бетінде міндетті түрде падаланылған әдебиеттердің номірленген тізімі міндетті түрде көрсетіледі. Мәтінде осы тізімдегі жұмыстың номірлері міндетті түрде тікелей жақшамен тиісті жерлері көрсетіліп тұруы тиіс.

Өзіндік жұмыстарға дайындық және оны жазу

Тақырыпты таңдау. Жоғарыда айтылған бағыттар бойынша тақырыпты алдын ала таңдауды студенттің өзі жүзеге асырады. Тақырыпты нақтылау, оқытушымен кеңесу арқылы жүргізіледі және жоспар жасалып, пайдаланылатын әдебиеттер тізімі нақтылана түседі. Тұындаған кез келген сұрақтарға байланысты студент оқытушыдан жауап ала алады. Қажетті жағдайларда консультациялар тағайындалады. Сессияға екі апта қалғанға дейін жұмыс оқытушыға тапсырылады. Өзіндік жұмысты қорғауға сессия кезінде рұқсат беріледі.

Өзіндік жұмысты бағалау критерилері

Оқытушы әр студенттен жұмысты қабылдауда ауызша сұрақтар қояды. Студент жұмыстың мәтініне байланысты оқытушының қойған сауалына жауап беруі тиіс. Жауап беру барысында мәтіндегі бейнеленген материалды игергендейдігін (өзі жазғандығын, аударғандығын, көшіріп алғандығын) көрсетуі қажет. Жұмысты бағалауда мәтіннің жазбаша нұсқасын және студенттің өзіндік жұмысты жазудағы жаңашылдығын және түпнұсқалығын, берілген қорытындылар және нұсқаулардың негізділігін ескеруі тиіс.